

Қазақстан Республикасының Үкіметі
(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі)Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2014 жылғы 29
сәуірдегі № 419 қаулысыПравительство Республики Казахстан
(Премьер-Министр РК)

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтерді және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес оның қолданылу мерзімдерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтері және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес оның қолданылу мерзімдері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 29 сәуірдегі



№ 419 қаулысымен
бекітілген

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және онымен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтері және техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес оның қолданылу мерзімдері

Ескерту. Мерзімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.02.2015 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р /с №	Объектінің/ұйымның атауы	Тариф шамасы, тенге/кВт сағ. (ККС-сіз)	Тарифтің әрекет ету мерзімінің аяқталуы	Тарифтің жыл сайынғы индекс-телуі, %
1	Алматы облысы Сарқант өзеніндегі Мелис Разбеков атындағы Сарқант ГЭС («Фирма Тамерлан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	11,80	22.07.2021 ж.	4
2	Алматы облысы Лепсі өзеніндегі Антоновск ГЭС («Қайнар-АКБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	15,05	01.12.2023 ж.	-
3	Алматы облысы Орта тентек өзеніндегі Успеновск ГЭС («Қайнар-АКБ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	15,11	25.11.2021 ж.	-
4	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.02.2015 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.			
5	Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Қарақыстақ өзеніндегі ГЭС («ЭнергоСтрой Проект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	12,5	16.06.2020 ж.	7
6	Жамбыл облысы Отар елді мекені ауданында КЭС («КазЭко-Ватт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)	20,89	28.12.2024 ж.	-